

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі № 177 бұйрығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 147 бұйрығын жою туралы**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2010 жылғы 24 мамырдағы N 205 Бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің жұмысшыларына еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстемеақы белгілеудің тәртібі туралы ережелерді қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі № 177 бұйрығының (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1892 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2002 жылғы 23 сәуірдегі № 177 бұйрығын жою туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 147 бұйрығы жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Қаржылық қамтамасыз ету департаментінің бастығы осы бұйрық туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін хабардар етсін.

4. Бұйрық жекелеген әскери бөлімге дейін жеткізілсін.

*Ә. Жақсыбеков*